

УДК 811.512.122

**ЛАТЫН ГРАФИКАСЫНА ӨТУ – ХХІ ҒАСЫРДЫҢ МАҢЫЗДЫ
ОҚИҒАСЫ**
TRANSITION TO LATIN ALPHABET IS THE IMPORTANT EVENT
OF THE XXI CENTURY

Сердар ДАҒЫСТАН*
Жұпар ТАНАУОВА**

Түйіндеме

Қазақстан Республикасының президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» Жолдауы – Қазақстанның бүгінгі өмірінде ұлттың ұстанымын айқындайтын және қоғамдық сананы өзгерту жолдарының жалпы бағыттарын белгілейтін дүниетанымдық-идеологиялық еңбек. Жолдауда айтылған қазақ жазуын латын әліпбиіне кезең-кезеңмен көшіру мәселесі қоғамда қызу пікірталас тудырды. Латын тіліне көшу – әлемдік өркениетке қол жеткізудің басты жолы және бұл ұлт санасын оятып, қайта жаңғыруына жол ашады. Яғни Қазақ елі қабылдап отырған латын әліпбиінің жаңа нұсқасы – рухани жаңғырудың темірқазығы. Мақалада қоғамда қызу пікірталас тудырған латын әліпбиіне өту мәселесіне шолу жасалады. Сондай-ақ Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде Қазақстан Республикасы президенті Н.Ә.Назарбаевтың мақаласында айтылған идеялар насихатталып, айтылған бағыттарды жүйелі түрде жүзеге асыруда атқарылып жатқан жоспарлы, жүйелі жұмыстар жайынан хабардар еткен.

Кілт сөздер: Жолдау, әліпби, рухани жаңғыру, Н.Ә.Назарбаев, латын әліпбиі.

Summary

In the address of the President of the Republic of Kazakhstan N.Nazarbayev "Striving for the future: spiritual renewal" - cognitive and ideological work that determines the position of the nation in the modern world and determines the general directions of ways to change public consciousness. The issue of phased translation of the Kazakh

* филология ғылымдарының кандидаты, «Түркология» журналы редакторының орынбасары, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан-Қазақстан. Candidate of philological Sciences, Associated editor journal of Turkology, K.A.Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan-Kazakhstan. E-mail: serrdardagistan@hotmail.com

** Түркология ғылыми-зерттеу институты директорының орынбасары, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан-Қазақстан. Assistant Director, Institute of Turkology, K.A.Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan / Kazakhstan E-mail: zhupar.tanauova@ayu.edu.kz

alphabet into the Latin alphabet was a hot topic in the society. The transition to Latin is the main way to achieve world civilization. The transition to the Latin alphabet allows us to wake up and revive the consciousness of our nation. That is, a new version of the Latin alphabet, adopted by the Kazakh people, is a symbol of spiritual revival. In the article, the main attention will be paid to the transition to the Latin alphabet, which has serious disputes in the society. Also in the International Kazakh-Turkish University, Khoja Akhmet Yassawi, the ideas voiced in the article of the President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev were informed and informed of the planned, systematic work on the systematic implementation of these areas.

Key words: Message, alphabet, spiritual revival, N.A.Nazarbayev, Latin alphabet.

Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы қазақ елінің саяси өміріндегі маңызы зор, елеулі оқиға болды. Білгенге бұл – ұлттық мүдденің ұлы мұраттарын айқындайтын жаңа идеологиялық тұжырымдама. Дамудың жаңа сапалық деңгейіне жетуді көздейтін стратегиялық бағдарламасын Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» [1] атты Жолдауынан кейін іске асыруға кіріскені баршамызға белгілі. Әлемнің ең озық 30 елінің қатарына кіру – Үшінші жаңғырудың басты мақсаты.

Соңғы жылдары мәдениеттің ең негізгі өзегі, тіні – рухани салада түбірлі жаңғырулар жүргізілген емес. Н.Ә.Назарбаевтың бұл мақаласы – Қазақстанның бүгінгі өмірінде ұлттың ұстанымын айқындайтын және қоғамдық сананы өзгерту жолдарының жалпы бағыттарын белгілейтін дүниетанымдық-идеологиялық еңбек. Ұлттық тұтастық, мәдениет, әдет-ғұрып пен салт-дәстүр, рухани мұраларды сақтау, латын әліпбиіне көшу, білім берудің маңызын арттыру, мақсатқа жетудегі прагматизм, салауатты өмір салты қамтылған мақала кіріспе және «XX ғасырдағы ұлттық сана туралы», «Таяу жылдардағы міндеттер» атты екі негізгі тарау мен қорытындыдан тұрады. «Сананы жаңғыртудың» мазмұнын негіздей отырып, жаңғырудың 6 бағытын белгілейді: Олар 1. Бәсекеге қабілеттілік; 2. Прагматизм; 3. Ұлттық бірегейлікті сақтау; 4. Білімнің салтанат құруы; 5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы; 6. Сананың ашықтығы. Бұл бағыттардың барлығы өзекті және уақыттың талаптарына барынша нақты жауап береді. Екінші тарау «Таяу жылдардағы міндеттер» бірінші кезекте Қазақстанның алдағы ұзақ жылдардағы дамуын айқындайтын стратегиялық сипатқа ие [2, 3]. Осы тараудағы негізгі жоба – қазақ жазуын латын әліпбиіне кезең-кезеңмен көшіру мәселесі. Қоғамда қызу пікірталас тудырған латын әліпбиіне

өту мәселесі өз шешімін тауып, мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың 2017 жылдың 26 қазан күні №569 жарлығымен ресми түрде бекітілді.

Латын әліпбиіне көшу мәселесі соңғы рет ХХ ғасырдың тоқсаныншы жылдары қолға алына бастады. Яғни түркі дүниесінің ортақ әліпбиін жасау мәселесі Кеңестер Одағының ыдырауы қарсаңында күн тәртібіне енген еді. Осы орайда алғашқы нақты шешім 1991 жылы 18-20 қазан күндері Стамбулдағы Мармара университеті жанындағы Түріктану институты ұйымдастырған «Қазіргі түрік әліпбиі» атты симпозиумда тілші-ғалымдар тарапынан қабылданды. Осы жиында Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Түрікменстан сынды елдерден қатысқан 28 тілші ғалым Түркі дүниесі үшін 34 әріптен тұратын латын негізіндегі әліпби жүйесін белгілеген болатын. Бұл жүйе 29 таңбадан тұратын Түркияның әліпбиіне өзге түркі халықтарындағы дыбыстар үшін қосымша бес қаріп енгізумен ерекшеленді. Ол бес әріп: Ä ä, X x, Q q, Ń ń, W w [3].

Бұл мәселе бұдан кейін де жалғасын тапты. «Мәселен, 1992 жылы 29 қыркүйек пен 2 қазан күндері Бішкекте өткен Түрік Республикалары мен Түрік мемлекеттік құрылымдары Білім министрлігі өкілдерінің 2-ші халықаралық конференциясы; 1993 жылы 8-10 наурыз күндері бес тәуелсіз Түрік Республикасы қатысқан және Түрік іскер топтары мен Даму агенттігі (ТИКА) ұйымдастырған Анкарадағы «Әліпби мен емле мәселесі» атты халықаралық конференция; 1993 жылы 21-23 наурыз күндері Анталияда өткен «Түрік мемлекеттерінің достық, бауырластық және ынтымақтастығы құрылтайы» атты ірі жиында да қолға алынып, осы 34 әріптік әліпбиге өту қажеттігі турасында шешім қабылданған еді. Осы жиындардың барлығы 1926 жылы ұйымдастырылған ортақ әліпби турасындағы Баку конференциясынан кейін өткізілген алғашқы жиындар ретінде тарихқа енді» [4].

Латын әліпбиін, мысалы ағылшын, неміс, француз, түрік тілдері пайдаланып отырған латын әліпбиіне негізделген жазуды, әлемнің дамыған елдерінің біразы қолданады. Кеңестік бұғаудан босағаннан кейін түркі халықтарының біразы латын әліпбиіне көшті. «Жерорта теңізінен Солтүстік Мұзды мұхитқа дейінгі алып территорияны алып жатқан әлемдегі іргелі бұтақпыз деп шаттансақ, онда осы тұтастықты бекемдеу үшін, әлбетте, қазіргі кезеңде қазақ елі түркілік әлемнің ең көп қолданатын әліпбиіне көшкені абзал. Оның қажеттіліктері мен мүмкіндіктері жөнінде жаздық. Ал латын әліпбиіндегі бауырластарға келетін болсақ, онда дербес мемлекет болып тұрған Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түрік Кипр

республикалары, бұларға қоса Украинаның ішінде тұрса да Қырым автономиялық облысы, Молдовадағы Ғағауыз автономиясы ресми түрде латын әліпбиінде» [5, 23-27].

Ал, Қазақстан мен Қырғызстанда бұл мәселе кейінге қалдырылуының өзіндік себептері – Қазақстанның геосаяси жағдайы, көршілес орналасқан алпауыт мемлекеттердің ықпалымен де санасу керектігі еді. Осыны ескере отырып латын графикасына өтуге жан-жақты дайындықпен келу керектігін айтқан Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаев өзінің «Қазақстан - 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан Халқына арналған Жолдауында: «Біз 2025 жылдан бастап әліпбиімізді латын әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз» [6] – деп, 2025 жылы Қазақстанның латын әліпбиіне толық көшетіндігін мәлімдеді. Түрік мемлекеттерінде қабылданған латын графикасының тиімді жақтары мен кемшін тұстарын саралай отырып қорытынды жасау қажеттігін назарға алуды ұмытпау керектігін де атап өтті. Бүгінде латын әліпбиіне көшкен тұста қазіргі қазақ тілінің дыбысталу ерекшеліктеріне нұқсан келмеу жағын қарастырған тілші-ғалымдар жұмысы әлі де жалғасуда.

Бұған дейін белгілі болғанындай, қазақ халқы өзінің тарихында үш рет әліпбиін ауыстырды (1924, 1930, 1940 ж.). Бұл – халықтың тарихи жадын бұзу мақсатындағы отаршыл жүйенің ойлап тапқан шаруасы еді. Бұрынғы араб графикасымен жазылған көптеген құнды жәдігерлер кейін латын әліпбиіне ауысқан тұста халықтың жадынан өше бастады. Іле-шала кирилл жазуына ауыстыру науқаны басталды. Осылайша түбі бір түркі халықтарын бір-бірінен алшақтату мақсатында алдымен олардың жазу емшелерін өзгертті. Бірі төте жазумен, енді бірі кирилл жазуында, батысында орналасқан халықтар латын әліпбиінде өз қажеттілігін алуға мәжбүр болды. Мұның салдарынан бұрын бір-бірімен тығыз байланыста болған түбі бір туыс халықтар бірінің жазғанын бірі түсінбейтіндей халге жетті [7]. Н. Ә. Назарбаевтың бағдарламалық мақаласы осы олқылықтың орнын толтыруға бағытталып отыр. Қазіргі кезде латын әліпбиіне көшудің алғашқы қадамдары жасала бастады. Бірнеше нұсқасы да дайындалды. Әлі де графиканы жетілдіре түсу үшін ғылыми басқосулар мен конференцияларда пікірталастар өтіп жатыр. Осындай конференциялардың бірінде баяндама жасаған филология ғылымдарының докторы, профессор М. Малбақов латын

графикалы жазуға көшуде төрт принципті берік ұстану қажет деп есептейді. Олар: «қазақ тіліндегі грамматикалық (фонетикалық, морфологиялық) заңдылықтың сақталуы, латын жазуындағы графикалық заңдылықтың сақталуы, әліпбидегі ұлттық бет-бейненің сақталуы, әліпбидегі түркілік бет-бейненің сақталуы» [8, 198-201].

Латын графикасын қабылдауды қолдаған ұжымның бірі – Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті. Бұлай деуіміздің себебі, 2002 жылы осы университет жанындағы Түркология ғылыми-зерттеу институты ұйымдастырған I халықаралық Түркология конгресінде әлемнің жиырмадан астам елінен келген түрколог-ғалымдар бас қосты. Осы конгресс қаулысының 5-тармағында «Латыншаға көшкен, көшетін түркі халықтарының жазу таңбасы ортақ белгіге құрылып, бірін-бірі кедергісіз оқи алатын бағыт ұсталсын, бірақ шама келгенше, ата жазу таңбалары негізінде жасау назарда ұсталсын», - деп көрсетілген. Түрік жұртының мәдениетін өзара жақындастыру мақсатында қолға алынған іс-шараның бұл бір парасы ғана. Бүгінде бұл халықаралық Түркология конгресі екі жылда бір рет Түркістан қаласында өтіп тұрады. Дүние жүзінің белгілі түрколог ғалымдарын Түркістанға шақырып, келелі ғылыми кеңес өткізіп отыру үрдіске айналған.

2009 жылы өткен III халықаралық Түркология конгресі «Бүгінгі түркологияның өзекті мәселелері мен келешегі (ортақ тіл, тарих және әліппе)» деп аталды. Бұл басқосу түркітану ғылымының өткені мен бүгінін саралап, келешекте атқаратын жұмыстары туралы өзекті мәселелерді шешуге арналды. Конгресте ортақ тіл, тарих және әліппе жасау мәселелері қаралып, кеңінен талқыланды. Түркі дүниесінің жанашырлары өз ойларын ортаға салып, түркі дүниесінің өткен тарихын талдап, таразылады. Басты мақсат – бүгінгі түркі халықтарының рухани тұтастығын насихаттау болды. Сол кездегі Білім және ғылым министрі Ж. Қ. Түймебаев өзінің құттықтау сөзінде: «Түркология ғылымын жандандырып жатырмыз. Бұл салада тер төгіп жүрген ғалымдарымыз жетерлік. Туыстас түркі халықтарының тілдерін зерттеуге атсалысып, халықаралық деңгейге шығуы қажет. Бүгінгі түркі халықтарының тілінде қалыптасып отырған өзекті мәселелерді бүкіл түркі әлемі болып шешуіміз керек», – деп ғалымдарды бірлесе жұмыс істеуге шақырған болатын. Ғалым Ә. Жүнісбек «Латын әліпбиіндегі қолғанат қондырғы (оргтехника) құрастырудың фонетикалық негіздемесі» тақырыбында жасаған

баяндамасында қазақ тілінің әлемдік ақпарат кеңістігіне шыққанда ғана тұғырлы тілдермен қатар саясат, ғылым, мәдениет т.б. салаларда еркін қызмет ете алатынын, ол үшін әлемде кең тараған қолғанат қондырғылар (оргтехника) қазақ тілін пайдаланушылардың да күнделікті құралына арналу керектігі туралы сөз қозғады. Ғалымның айтуынша, қазақ тіліндегі қондырғылар арқылы ақпарат алмасудың дамуы, қазақ тілінің ғылыми-зерттеу тіліне айналуы, қазақ тілін өзге ұлт өкілдеріне үйрету әдістемесін жетілдіріп, оны пайдаланатын адамдардың санының молаюы, қазақ тілінің қоғамдық-саяси салада қолдану аясы кеңеюі тәрізді шаралардың іске асуы қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесінің қалыптасуына себепкер болатыны сөзсіз [9, 214-216]. Осы конгресте ғалым латын таңбаларына негізделген қазақ әліпбиінің жобасымен таныстырды. Түркі тілтанымының ғылыми реформаны күтіп тұрғанын, ол реформаның фонетикадан басталу керектігін айтты.

Қазіргі таңда да Қ. А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінде ҚР президенті Н. Ә. Назарбаевтың мақаласында айтылған идеялар насихатталып, айтылған бағыттарды жүйелі түрде жүзеге асыруда жоспарлы, жүйелі жұмыстар атқарылып жатыр. Соның бірі А.Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері филология ғылымдарының докторы, профессор Әлімхан Жүнісбек өткізген «Латын әліпбиінің лингвистикалық негіздемесі» тақырыбындағы семинарға (31.X.2017 ж.) университет оқытушы-профессорлары, докторант, магистрант және студенттер қатысты. Семинарда ғалым латын әліпбиі туралы, «Әліпби – тілдің дыбыс құрамы, таңба – дыбыстың қауызы, ал емле-ереже әліпби мен таңбаның ұлттық дәнекері, болмысы», олай болса, әліпби таңбасы мен ережесі үйлескен жазу тіл егемендігінің бір кепілі» екендігін атап көрсетті. Н. Ә. Назарбаевтың 2017 жылдың 26 қазан күні қазақ латын әліпбиінен ресми түрде қабылдау туралы жарлығына қатысты өз ойымен бөлісті. Ұсынылған әліпби нұсқаларының өзіндік ерекшеліктерімен таныстырды. 2022 жылдан бастап балабақша мен 1 сыныптарды латын әліпбиімен оқытуды бастайтынын, оны бастау үшін алдымен емле-ережесі дайындалып, оған лайықты әдістеме, сол әдістемені түсіндіре алатын мамандар дайындалу қажеттігін айта келіп, ұлттық құндылықтарды қайта жаңғыртуда латын графикасының маңызы ерекше екендігін жеткізді.

Түркі жұртының барлығына бірдей ортақ графикаға көшудің түркі мәдениетінің дамуына қосатын үлесі мол. Жаһандану кезеңі

басталып әлемдік интеграция жүріп жатқан қазіргі кезеңде түрік жұрты да өзінің асыл құндылықтарын жарқыратып көрсете алуы тиіс. Қазіргідей жылдам ақпарат алмасу дәуірінде түркі жұрты бірінің жазған еңбектерін бірі қиналмай оқи алатын деңгейге көтерілсе, түркі интеграциясының қарқын алуына үлкен серпін берген болар еді [10, 253-253]. Ортақ мәдени мұраларымызды бірлесе отырып зерттеуді қолға алатын кез жетті. Ол үшін тілі бір, діні бір туысқан түркі жұртының қолданыстағы графикасы да бірдей болудың маңыздылығы зор. Себебі ХХІ ғасыр информация дәуірі, идеологияның маңызы мен қуаты күшейген кезең. Түрік халықтары да өздерінің ортақ жәдігерлерін бірлесе отырып насихаттау үшін ортақ бір жазу үлгісін таңдағаны дұрыс.

Қорыта айтқанда, Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы тәуелсіз Қазақстанды, қазақ елін дамытуға бағытталған өзекті мақала екені дау тудырмас шындық. Аталған мақала халықты ұлттық құндылықтарды құрметтеуге, туған жерді көркейтуге, қоғам үшін игі іс жасауға, жаңашыл оймен, ұлт бойындағы рухани құндылықты жаңғыртуға бастайды.

Латын әліпбиіне көшу – ХХІ ғасырдағы ең маңызды оқиға болмақ, бұл оқиға қазақ халқының рухани жақтан күшейе түсуге жетелейді. Яғни, жаңа әліпби қазақ халқына рухани тәуелсіздік әпереді. Сондай-ақ жаңа әліпби қазақ халқының туыстас түркі тілдес халықтармен бірлігін нығайта түседі деп ойлаймыз.

Латын графикасына негізделген әліпби жобаларының бастан өткерген әліпби тарихымызды саралап, түркі әліпбилерін бірлестіру идеясы тұрғысынан зерделеніп жасалған үлгісі қабылданғанын қалаймыз. Академик Ә.Қайдардың сөзімен айтсақ, «жазуды өзгерте беру мұрат емес. Бірақ ерте ме, кеш пе, қасиетті ана тіліміздің бойына лайықты, табиғатына, замана талабына сай, тіліміздің бақилығын аңсайтын халқымызға қызмет етіп, мәдениет мерейін көтеретін шын мәнісіндегі дәстүрлі де тағылымды ұлттық жазуды қалыптастыру мұрат» [11].

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н. Ә. *Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру*//Егемен Қазақстан №70 (29051) 12 сәуір, сәрсенбі 2017 жыл.
2. *Ұлт ұстанымының ұйытқысы* (С.Дағыстан, Ж.Танауова) // Егемен Қазақстан. 3 тамыз 2017 ж.
3. Әбдіуақап Қара. *Түркі дүниесінің ортақ әліпби жүйесі бола ма?* Абай-Ақпарат. 16 қаңтар 2013 ж.

4. [www. Altyn-orда.kz/kz/kazaksha-abdiuakap-kara-turki-duniesinin-ortak-alipbi-zhujesi-bola ma?/](http://www.Altyn-orда.kz/kz/kazaksha-abdiuakap-kara-turki-duniesinin-ortak-alipbi-zhujesi-bola-ma?/)
5. Тілешов Е. Е. *Әліпби таңдау: тіл табиғатын сақтау, түркілік тұтастық және әлемдік ақпараттық кеңістік*//Тамыры терең әліпби: Жалпы түркілік бірегейліктің мызғымас негізі» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, Алматы, 2017. 320 б.
6. Назарбаев Н. Ә. *«Қазақстан - 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты*// «Егемен Қазақстан» газеті № 828-831 (27902) 15 желтоқсан 2012 жыл.
7. Мырзахметұлы М. *Қазақ қалай орыстандырылды.* – Алматы, 2011. – 44 б.; М.Мырзахметұлы. *Ономастика және ұлттық дәстүр* // Түркология журналы. № 4 (шілде-тамыз), 2016 ж. 125-133-бб.
8. Малбақов М. *Түркі жазуы – ерекше маңызды тарихи-мәдени құндылық*// Тамыры терең әліпби: Жалпы түркілік бірегейліктің мызғымас негізі» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, Алматы, 2017. 320 б.
9. *Латын әліпбиіндегі қолғанат қондырғы (орттехника) құрастырудың фонетикалық негіздемесі* // Бүгінгі түркологияның өзекті мәселелері мен келешегі (ортақ тіл, тарих және әліпби). III Халықаралық түркология конгресі. Түркістан, 2009. 734 б.
10. Дағыстан С. *Ортақ мәдениет, ортақ мүдде жолында қолға алынған игі бастамалар* // Тамыры терең әліпби: Жалпы түркілік бірегейліктің мызғымас негізі» халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, Алматы, 2017. 320 б.
11. Қайдаров Ә. *Латын әліпбиінің болашағы зор* // Ана тілі, 1991. № 43, 45, 46.